

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті

*Қазақстан Республикасының
жинақтаушы зейнетақы жүйесінің
ағымдағы жағдайы*

2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша

Көлемі: 7 бет
Кестенің саны: 9
Графиктердің саны: 3
Кезеңділігі: ай сайын жаңарту

2014 жыл

МАЗМУНЫ

I. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-кесте. Қазақстан Республикасы зейнетақы нарығының құрылымы

II. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

2-кесте. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары)

3-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы

4-кесте. Зейнетақы төлемдері және зейнетақы жинақтарының аударымдары

III. ҚОРЛАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

5-кесте. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу

6-кесте. ЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі

7-кесте. БЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі

IV. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ. ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ

8-кесте. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның жиынтық меншікті активтері мен капиталының құрылымы

3-график. ЖЗҚ мен БЖЗҚ-ның меншікті активтерінің, капиталының және таза пайдасының (шығынының) өзгеру динамикасы

9-кесте. Зейнетақы секторының Республика экономикасындағы рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

V. ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ТУРАЛЫ ШАРТТАР БОЙЫНША ЖЗҚ-НЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН БЖЗҚ-ҒА БЕРУ

I. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-кесте. Қазақстан Республикасы зейнетақы нарығының құрылымы

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің институционалды құрылымы *	1.01.14	1.02.14
Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры	1	1
Жинақтаушы зейнетақы қорлары	9	9
- оның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратындар	7	7
Жинақтаушы зейнетақы қорлары филиалдарының саны	88	83
Республика өңірлеріндегі өкілдіктерінің саны	0	0
Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың саны	11	11
Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар банктердің саны	11	11
- оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан банктері	5	5

2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 1 бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және 9 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істейді. «Республика» ЖЗҚ» АҚ, «Отан» АЖЗҚ» АҚ, «Капитал» ЖЗҚ» АҚ, «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ мен «Астана» ЖЗҚ» АҚ бойынша зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға берудің бірінші кезеңі аяқталды және «НефтеГаз-Дем» ЖЗҚ» АҚ бойынша зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға берудің бірінші кезеңі басталды. Зейнетақы активтерін және міндеттемелерді беру рәсімі жөніндегі толық ақпарат V тарауда қамтылады.

II. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

2-кесте. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары)

Жалпы алғанда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттары санының және зейнетақы жинақтары сомасының аздап артуы байқалады.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) саны		1.01.14	1.02.14	Өсімі (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	салымшылар (алушылар) шоттарының саны	9 449 901,0	9 497 802,0	0,5
	зейнетақы жинақтары, млрд.теңге	3 731,9	3 790,3	1,6
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	салымшылар (алушылар) шоттарының саны	42 906,0	43 061,0	0,4
	зейнетақы жинақтары, млрд.теңге	1,4	1,4	-
Ерікті және кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	салымшылар (алушылар) шоттарының саны	4 227,0	4 202,0	-0,6
	зейнетақы жинақтары, млрд.теңге	0,15	0,15	-


* берілген лицензиялардың саны бойынша

** кестеге салымшылардың зейнетақы жинақтары және әлеуметтік жеке кодын тіркеусіз міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша, сондай-ақ зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ саны енгізілмейді

3-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

Зейнетақы жинақтарының көлемі, млрд.теңге	(млрд. теңге)		
	1.01.14	1.02.14	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы жинақтары	3 733,4	3 791,8	1,6
Зейнетақы жарналары	3 031,5	- *	- *
«Таза» инвестициялық кіріс	756,1	- *	-*
Зейнетақы жинақтары сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	20,3	-*	-*

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы (3-кестеге) (млрд.теңге)



Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2014 жылдың басынан бастап 58,4 млрд. теңгеге (1,6%) ұлғайып, 2014 жылғы 1 ақпанда 3 791,8 млрд. теңге болды.

2014 жылғы 1 ақпанда зейнетақы жинақтарының көлемін бөлу былайша болды: АО «БЖЗҚ» АҚ – 1 736,63 млрд.теңге (45,80%), «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ - 1 255,79 млрд. теңге (33,12%), «ҰларҮміт» ЖЗҚ» АҚ - 447,02 млрд. теңге (11,79%) және «Грантум» ЖЗҚ» АҚ - 352,35 млрд. теңге (9,29%).

Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, зейнетақы жинақтарын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы 2014 жылғы 1 ақпанда 0,05 млрд. теңге болды.

4-кесте. Зейнетақы төлемдері және зейнетақы жинақтарының аударымдары

Көрсеткіштің атауы / күні	(млрд. теңге)		
	1.01.14	1.02.14	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы төлемдері	423,7	- *	- *
оның ішінде, зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару	83,4	-*	-*
Зейнетақы жинақтарын басқа қорларға аудару	2 559,9	- *	-*


Зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару 2014 жылдың басынан бастап жүзеге асырылған жоқ.

* бұл мәндер 2014 жылғы 16 мамырдан кейін барлық ЖЗҚ бойынша шоғырландырылған деректерді өңдеу нәтижелері бойынша жарияланатын болады

III. ҚОРЛАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-ның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2014 жылдың басынан бастап 60,23 млрд. теңгеге немесе 1,61%-ға ұлғайып, 3 796,14 млрд. теңге болды.



2013 жылғы 1 ақпаннан бастап 2014 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 47,69 млрд. теңге болды.

5-кесте. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу

ЖЗҚ атауы	1.01.14		1.02.14	
	млрд. теңге	%-бен	млрд. теңге	%-бен
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕҰ, "Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ	1 235,2	33,1	1 258,4	33,1
"БЖЗҚ" АҚ	1 277,2	34,2	1 738,5	45,8
"ҰларҮміт" ЖЗҚ" АҚ	442,2	11,8	446,3	11,8
"ГРАНТУМ ЖЗҚ" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	347,4	9,3	352,9	9,3
"Астана" ЖЗҚ" АҚ	272,6	7,3	0,00	0,0
"Капитал" ЖЗҚ" АҚ - "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы	0,00	0,0	0,00	0,0
"МұнайГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	161,2	4,3	0,00	0,0
"Нұрбанк" АҚ ЕҰ "Атамекен" ЖЗҚ" АҚ	0,00	0,0	0,00	0,0
"Отан" АЖЗҚ" АҚ	0,00	0,0	0,00	0,0
"РЕСПУБЛИКА" ЖЗҚ" АҚ	0,00	0,0	0,00	0,0
Барлық ЖЗҚ мен БЖЗҚ бойынша барлығы	3 735,9	100,0	3 796,14	100,0

6-кесте. ЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	(млрд. теңге)			
	БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін және БЖЗҚ-ға берілген ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін ескермегендегі жиынтық инвестициялық портфель*		БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін және БЖЗҚ-ға берілген ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін ескермегендегі жиынтық инвестициялық портфель	
	1.01.14		1.02.14	
	млрд. теңге	%-бен	млрд. теңге	%-бен
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 206,9	50,79	1 004,1	51,4
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 206,5	50,78	1 001,8	51,3
Ұлттық Банктің ноттары	-	-	2,0	0,1
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0,4	0,01	0,3	0,02
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	91,9	3,9	81,8	4,2
акциялар	3,6	0,2	0,3	0,01
облигациялар	88,3	3,7	81,5	4,2
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	47,0	2,0	45,8	2,3
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	90,7	3,8	91,8	4,7
Тазартылған алтын	75,2	3,2	63,5	3,3
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	696,9	29,3	509,3	26,1
Акциялар	133,4	5,6	123,7	6,3
облигациялар, оның ішінде:	563,6	23,7	385,6	19,8
шетел валютасында номинирленген	68,1	2,9	63,1	3,3
теңгеде номинирленген	495,5	20,9	322,5	16,5
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	167,6	7,0	155,6	8,0
Туынды бағалы қағаздар	-	0,0	-	-
Жиынтығы	2 376,2	100,0	1 951,9	100,0

* 2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша «Отан» АЖЗҚ» АҚ-ның, «Капитал» ЖЗҚ» АҚ-ның, «Республика» ЖЗҚ» АҚ-ның, «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ-ның және «Астана» ЖЗҚ» АҚ-ның зейнетақы активтері «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ға берілді.

2014 жылғы 1 ақпанда ЖЗҚ инвестициялық портфелінің негізгі үлесін бұрынғыша, ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары және ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары алады (тиісінше ұқсас күндегі ЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен 51,4% және 26,1%).

Бұл ретте, белгіленген сыйақымен борыштық қаржы құралдарына (облигацияларға) инвестициялардың үлесі ЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 82,4%-ы болды, бұл ақшалай мәнде 1 608,8 млрд. теңгеге жуық болады.

Өз кезегінде шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялардың көлемі 81,8 млрд. теңге болады (ЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 4,2%-ы). Екінші деңгейдегі банктер салымдарының үлесіне 8,0% немесе 155,6 млрд. теңге келеді.

7- кесте. БЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	(млрд. теңге)	
	БЖЗҚ-ға берілген ЖЗҚ-ның зейнетақы активтері ескеріле отырып БЖЗҚ-ның инвестициялық портфелі	
	1.02.14	
	млрд. теңге	%-бен
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	861,7	50,3
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	856,4	50,0
Ұлттық Банктің ноттары	-	0,0
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	5,3	0,3
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	36,9	2,2
акциялар	11,5	0,7
облигациялар	25,5	1,5
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	25,7	1,5
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	23,1	1,3
Тазартылған алтын	77,3	4,5
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	533,9	31,2
Акциялар	54,6	3,2
облигациялар, оның ішінде:	479,3	28,0
шетел валютасында номинирленген	57,8	3,4
теңгеде номинирленген	421,5	24,6
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	154,3	9,0
Туынды бағалы қағаздар	-	-
Жиынтығы	1 713,0	100,0

2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша БЖЗҚ инвестициялық портфелінің құрылымындағы негізгі үлесті 861,7 млрд. теңге бола отырып, БЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 50,3% үлес салмағымен ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары алады. Отандық эмитенттердің облигацияларына БЖЗҚ инвестицияларының үлесі БЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің 31,2%-ы немесе 533,9 млрд. теңгеге жуық болды.

Өз кезегінде ҚР екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдарға инвестициялардың көлемі 154,3 млрд. теңгеге тең (9,0%).

БЖЗҚ-ның инвестициялық портфеліндегі шетел эмитенттерінің бағалы қағаздары елеусіз үлеске ие – шамамен БЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 2,2%-ы, бұл 36,9 млрд.теңге болады.


IV. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ. ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ

8-кесте. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның жиынтық меншікті активтері мен капиталының құрылымы

(млрд. теңге)

Көрсеткіштің атауы / күні	1.01.14	1.02.14	Өсімі, %-бен
Активтердің жиынтығы, оның ішінде	89,6	92,5	3,2
- Бағалы қағаздар	38,4	36,8	-4,2
- "Кері РЕПО" операциясы	12,8	14,0	9,4
- Орналастырылған салымдар (күнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	18,5	18,2	-1,6
- Басқа да активтер	19,8	23,4	18,2
Капитал жиынтығы	85,6	88,1	2,9
- оның ішінде, жарғылық капитал	53,2	53,2	0,0
Баланс бойынша міндеттемелер	4,0	4,4	10,0

3-график. ЖЗҚ мен БЖЗҚ-ның меншікті активтерінің, капиталының және таза пайдасының (шығынының) өзгеру динамикасы



9-кесте. Зейнетақы секторының Республика экономикасындағы рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

Көрсеткіштің атауы/күні	1.01.14	1.02.14
ЖІӨ млрд.теңге	34 443,4*	38 624,4**
зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	10,8	9,8
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,8	- ***
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,2	- ***

* - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің есептік деректері,

** - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжам деректері

*** - бұл мәндер 2014 жылғы 16 мамырдан кейін барлық ЖЗҚ бойынша шоғырландырылған деректерді өңдеу нәтижелері бойынша жарияланатын болады

V. ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ТУРАЛЫ ШАРТТАР БОЙЫНША ЖЗҚ-НЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН БЖЗҚ-ҒА БЕРУ

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 73-бабының 2-тармағына сәйкес зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ЖЗҚ-ның зейнетақы активтері мен міндеттемелерін БЖЗҚ-ға беру уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен кесте бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 356 бұйрығымен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ЖЗҚ-ның зейнетақы активтері мен міндеттемелерін БЖЗҚ-ға қабылдау-беру кестесі (бұдан әрі – Кесте) бекітілді, оған сәйкес ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға шоғырландыру процесі 2013 жылғы 11 қазанда басталды.

ЖЗҚ-дан құжаттар мен ақпаратты БЖЗҚ-ға беру процесі әрбір ЖЗҚ бойынша екі кезеңге бөлінді:

БЖЗҚ-ның автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер базасында ЖЗҚ-ның салымшыларына (алушыларына) жеке зейнетақы шоттарын ашу, осы жеке зейнетақы шоттарына салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының сомаларын аудару және БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен қалыптастырылған ЖЗҚ инвестициялық портфельін беру;

екінші кезең – құжаттарды (қағаз тасымалдағышта) және басқа ақпаратты беру, ЖЗҚ-ның деректер базасында қалған мәліметтер мен құжаттарды жою.

2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша «Республика» ЖЗҚ» АҚ, «Отан» АЖЗҚ» АҚ, «Капитал» ЖЗҚ» АҚ, «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ мен «Астана» ЖЗҚ» АҚ бойынша зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға берудің бірінші кезеңі аяқталды және «НефтеГаз-Дем» ЖЗҚ» АҚ бойынша зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға берудің бірінші кезеңі басталды.

БЖЗҚ «Республика» ЖЗҚ» АҚ, «Отан» АЖЗҚ» АҚ, «Капитал» ЖЗҚ» АҚ, «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ мен «Астана» ЖЗҚ» АҚ-ның салымшыларымен (алушыларымен) жасалған барлық зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша құқықтық мирасқор ретінде ЖЗҚ-лардың салымшыларына (алушыларына) қызмет көрсете бастады.

Қазіргі уақытта «Республика» ЖЗҚ» АҚ мен «Отан» АЖЗҚ» АҚ, «Капитал» ЖЗҚ» АҚ, «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ және «Астана» ЖЗҚ» АҚ бойынша қағаз тасымалдағыштағы және электрондық мұрағаттық құжаттарды және ақпаратты беру жөніндегі рәсімдерді қамтитын зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша міндеттемелерді БЖЗҚ-ға берудің екінші кезеңі жүзеге асырылуда.

Өз кезегінде, жұмыс істеп тұрған ЖЗҚ-лардың салымшыларына (алушыларына) жеке зейнетақы шоттарын ашу үшін қажетті деректерді БЖЗҚ-ға беру рәсімдері және олардың зейнетақы жинақтарын осы шоттарға аудару, сондай-ақ ЖЗҚ-ның инвестициялық портфельдерін БЖЗҚ-ға беру рәсімдері 2014 жылы сәуірде аяқталады деп болжануда.